

## КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Қауіп-қатерлердің және құрылғының зақымдануының алдын алу үшін осы нұсқауларды оқуға бір сәт уақытыңызды бөліңіз.

### Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады.

Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.

Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.



#### **Қауіпті!**

La mancata osservanza può essere causa di lesioni da scossa elettrica con pericolo per la vita.



#### **Маңызды!**

Мұндай ескертуді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



#### **Күйіп қалу қауіпі бар!**

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.



#### **Ескеріңіз:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

### МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Бұл құрылғы тек қытырлақ нан өнімдері үшін пайдалануға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы тиісті емес, дұрыс емес немесе жауапсыздықпен пайдаланудан және/немесе білікті емес маман орындаған жөнделу жұмыстарынан туындайтын зақымдар үшін жауапты болмайды.



#### **Қауіпті!**

- Ашаны розеткаға қоспас бұрын, мынаны тексеріңіз:
- розетканың кернеуі құрылғыға

жапсырылған ақпарат жапсырмасында көрсетілген мәнге тең;

- розеткада жеткілікті жерге тұйықтау мүмкіндігі бар: өнім жасаушысы осы норманы тексермеуге қатысты туындайтын проблема үшін жауапты болмайды.
- Розетка мен құрылғы ашасының арасында қандайда бір сәйкессіздік болса, оны білікті маманға ауыстырыңыз. Адаптерлерді, көп ұяшықты розетка құралдарын және/немесе ұзартқыш сымдарды пайдалану ұсынылмайды. Осындай құралды пайдалану қажет болса, тек осы қауіпсіздік стандарттарына сай қарапайым немесе көп ұяшықты адаптерлерді немесе ұзартқыш сымдарды пайдалану және адаптердің не ұзартқыш сымның кернеуінің шегінен асырмау ұсынылады.
- Құрылғы розеткаға қосылғанда және оның үстіне ол жұмыс істеп тұрғанда, қолдарыңызды ешқашан қытырлақ нан жасау ұяшықтарына (A) салмаңыз.
- Құрылғыны ылғал немесе дымқыл қолдарыңызбен ұстамаңыз.
- Құрылғыны жалаң немесе ылғал аяқ-қолыңызбен пайдаланбаңыз.
- Құрылғы пайдаланылмаған кезде оны қосуды күйде қалдырмаңыз, себебі бұл қауіпті болуы мүмкін.
- Құрылғыны розеткадан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз.



#### **Маңызды!**

- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі қызметкерлердің ас пісіру аймақтарында, кеңселерде және басқа да жұмыс істейтін жерлерде; ф е р м а д а ғ ы үйлердегі, қонақүйлердегі, мотельдердегі клиенттер тұратын және басқа тұрғылықты жерлерде; төсек пен таңғы ас беретін орындарда.

- Осы құрылғы оралған полиэтилен қалта балалардың қолдары жетпейтін жерде сақталуы керек, себебі ол тұншығу қаупін тудыруы мүмкін.

Құрылғыда жиналуы мүмкін шаңды тазалау үшін жай ғана жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғы пайдаланылмаған кезде, оны ажыратып тастаңыз.
- Құрылғыны зиянды ортада қалдырмаңыз (жаңбыр, күн сәулесі, аяз, т.б.).
- Кез келген тазалау немесе пайдалану әрекетін орындамас бұрын, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз. Құрылғыны, ашаны немесе электр сымын суға батырмаңыз.
- Құрылғы сынған немесе дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, құрылғыны өшіріп тастаңыз. Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе тұтынушы қызметтері ауыстыруы керек.
- Бұл құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек

қашықтан басқару жүйесімен пайдаланылмауы керек.



### **Күйіп қалу қаупі бар!**

- Тостерді пайдаланған кезде оның метал жақтары және нан салынатын ұяшықтардың (А) айналасындағы аймақтар қатты қызады: құрылғыны тек пластмасса бұрамаларын және саптарынан ұстап қана пайдаланыңыз.
- Нан – өртенуі мүмкін тағам. Бұл құрылғыны перденің немесе басқа да тұтынғыш материалдың астында немесе қасында пайдаланбаңыз.
- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде, оны бүркемеңіз.



### **Ескеріңіз:**

- Құрылғыны орамынан алған соң, құрылғының толық және өте жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз.



- Құрылғы электромагниттік үйлесімділікке қатысты 2004/108/CE стандартына сай.
- 1935/2004 ЕО тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

### **СИПАТТАМА ( 3 )**

- A беті) Қытырлақ нан жасау ұяшықтары
- B) ON (ҚОСУ) тетігі.
- C) Тостерлеу деңгейінің көрсеткіші
- D) Тостерлеу деңгейін реттеу тетігі
- E) Қиқым науасы
- F) «Жібіту» түймесі және шамы
- G) «Қайталау» түймесі және шамы
- H) «Тоқаш нан» түймесі және шамы (бір жағын қытырлақ ету)
- I) Тоқтату/болдырмау түймесі
- L) Алынбалы «жылыту текшесі»

### **БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ**

- (B) тетігінің көтерілгенін және (D) тетігінің орташа тостерлеу деңгейінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Розеткаға қосыңыз.

- Тостерді бірінші рет пайдаланған кезде, «жаңа» иісті кетіру үшін құрылғыны нан салмай кемінде 5 минутқа қосып қойыңыз. Бөлмені желдетіңіз.
- Нан тіліктерін (А) ұяшықтарына салыңыз да, (В) тетігін тіркелген жерге дейін төмендетіңіз.



**Ескеріңіз:** егер құрылғы розеткаға қосылмаған болса, (В) тетігі төменгі деңгейге түспейді.

- Тостерлеу аяқталған кезде, тетік нан кеспелерімен бірге жайлап көтеріледі.
- Егер нан жеткілікті деңгейде қытырлақ болмай қалса, (D) тетігін бұрау арқылы қаралау қытырлақ нан деңгейін таңдаңыз. Сонымен қатар, қытырлақ нан тым қарайып кетсе, ақшылдау қытырлақ нан деңгейін таңдаңыз.
- Тостерлеуді (I) тоқтату/болдырмау түймесін басу арқылы кез келген уақытта тоқтата салуға болады.



**Күйіп қалу қаупі бар!** пісіру барысында құрылғыны пайдалану барысында қытырлақ нан жасау ұяшықтары қатты қызады. Оны ұстамаңыз!

### «Жібіту» функциясы

«Жібіту» (F) түймесін басу арқылы қатқан тіліктерді (В) тетігін дереу түсірген соң тостерлеуге болады. Қалаған қытырлақтық деңгейіне қол жеткізу үшін тостерлеу циклін ұзартуға болады.

Жібіту функциясы пайдаланылып жатқан кезде шам жанып тұрады.

### «Қайталау» функциясы

Қосу (В) тетігін түсіріп, «алдын ала қыздыру» (G) түймесін басыңыз. Алдын ала қыздыру функциясы пайдаланылып жатқан кезде алдын ала қыздыру шамы жанып тұрады. Алдын ала қыздыру уақыты тұрақты және оны тостерлеу деңгейін реттеу тетігімен реттеу мүмкін емес.

### «Тоқаш нан» функциясы (бір жағын қытырлақ ету)

«Тоқаш нан» функциясы нанның, тәтті

тоқаштардың немесе тәтті нандардың бір жағын (ішкі жағын) ғана қытырлақ етеді, ал басқа жағы (сыртқы жағы) жылы күйде қалады. Тәтті тоқаштар мен тәтті нандарды тостерлеу алдында тіліктеніңіз. Қосу (В) тетігін түсіріп, «тәтті тоқаш» (H) түймесін басыңыз. Тәтті тоқаш функциясы пайдаланылып жатқан кезде оның шамы жанып тұрады.

### Тоқтату/болдырмау түймесін пайдалану

Тостерлеуді тоқтату үшін, тоқтату/болдырмау (I) түймесін кез келген уақытта басыңыз.



**Маңызды!** (В) қосу тетігіне күш түсірмеңіз. Әрқашан тоқтату/болдырмау (I) түймесін пайдаланыңыз.

### Қиқым науасы

Қиқым науасы (Е) тұрақты түрде босатылып тұруы керек, себебі жиналған қиқымдар өрт қаупін тудыруы мүмкін. Тостерлеп болған соң, тостерді суытып қойып, қиқым науасын (Е) шығарыңыз және босатыңыз.

### «ЖЫЛЫТУ ТЕКШЕСІ» құрылғысы (L)

Бұл құрылғыны круассандарды қыздыру үшін пайдаланыңыз.

- Құрылғыға алынбалы «жылыту текшесін» 3-беттегі суретте көрсетілгендей етіп бекітіңіз.
- Круассанды торға қойыңыз.
- Қарайтуды басқару бұрамасын (D) қалаған бағытқа бұраңыз.
- Басқару тетігін (В) орнына «сырт» етіп түскенше басыңыз.
- Егер круассан дұрыс жылымаса, келесіде тостерлеудің деңгейін күшейтіңіз.

### ҰСЫНЫСТАР

- Тостерді бос күйінде (нан тіліктерінсіз) пайдаланбаңыз.
- Өте жұқа немесе сынған нан тіліктерін пайдаланбаңыз.
- Пісіру барысында тамшылауы мүмкін тағамды салмаңыз. Олар пісіруді қиындатып қана қоймай, өрт шығуына себеп болуы да мүмкін. Тостерді пайдаланбас бұрын, әрқашан қиқым науасын тазалап отырыңыз.

- Өте үлкен тағам тіліктерін салу үшін ешқашан күш пайдаланбаңыз. Нанды алу үшін тостерге шанышқыларды және басқа құралдарды тықпаңыз. Бұл қыздыру элементтерін зақымдауы мүмкін. Егер тостерде тағам тұрып қалса, оны розеткадан суырыңыз да, құрылғыны төңкеріңіз және жайлап сілкіңіз.

“Делонги” ЖШҚ  
127055 Ресей, Мәскеу қ,  
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат  
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

## **ТАЗАЛАУ - КҮТІМ КӨРСЕТУ**

- Тостерді тазалау немесе оған күтім көрсету алдында, оны әрқашан розеткадан ажыратыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын оның салқындағанын күтіңіз.
- Тостердің сыртын дымқыл шүберекпен сүрту керек. Қырғыш өнімдерді пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының бетін зақымдауы мүмкін.
- ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЕШҚАШАН СУҒА БАТЫРМАҢЫЗ.
- Тостерді пайдаланып болған соң, оны әрқашан розеткадан суырыңыз және құрылғының төменгі жағындағы қиқым науасын босатыңыз.
- Егер тостерде тіліктер тұрып қалса, оны розеткадан суырыңыз да, төңкеріңіз және жайлап сілкіңіз.
- ТОСТЕРДІҢ ЕШБІР БӨЛІГІН, ӘСІРЕСЕНАН ТОСТЕРЛЕУ ҰЯШЫҚТАРЫНЫҢ ІШКІ БӨЛІГІН ӨТКІР ҚҰРАЛДАРМЕН ТҮРТПЕҢІЗ.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

**EAC**

## **ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР**

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз  
Үлгі: "  
Кернеу: "  
Жілілік: "  
Қуаты: "

### **Қытайда:**

De'Longhi Appliances s.r.l.  
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy  
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.  
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

**Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:**